**Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты**

**2021-2022 оқу жылы**
**№4 педагогикалық кеңес хаттамасы**

Күні: 22.03.2022
Уақыты: сағ 11:00

Қатысқандар:
Қатыспағандар:
Себепті:
Себепсіз:

**Мақсаты:** Педагогикалық және басқарушылық жұмыстарды орындауды және бағалауды қамтамасыз ету.

**Күн тәртібінде:**

1. № 3 педагогикалық кеңес қаулысының орындалуы.

*Д.Искакова*

2. III тоқсанның оқу үлгерімі бойынша салыстырмалы мәлімет.
3. Оқу тоқсаның қорытындысы бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен пәндердің оқытылуы.
4. PISA-2022 халықаралық зерттеу емтиханына дайындық жұмыстары, білім сынамаларының мониторингісі.

*Ш.Оспанова*

5. Абай мектептері желісі бойынша оқитын сыныптарда МЖМБС орындалуы.

*Ж.Оңғарбай*
*А.Ахат*
*М.Муратов*

6. Мектептегі өмір қауіпсіздігі

*М.Кайржанова*

**Тыңдалды:**

1. Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Д.Искакова сөз алды. Педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырып және №3 педагогикалық кеңестің қаулысының орындалғанын мәлімдеді.
2. Екінші мәселе бойынша оқу ісінің орынбасары Ш.Оспанова III оқу тоқсанының білім сапасының сыныптар мен пәндер бойынша мониторингісін ұсынды.
3. Үшінші мәселе бойынша оқу тоқсанының қорытындысы бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен пәндердің оқытылуына тоқталды. Мектепте әлі де пән мұғалімдері олимпиадалық резерветпен жұмыс жасау керектігі жайлы айтылды. Пән мұғалімдері жұмысына салғырт қарамау, күнделікті сабаққа тыңғылықты дайындалу керектігі ескертілді. Оқушыларға қосымша тапсырмалар беру керектігі және келесі тоқсанда физика, химия, биология пәндерін бақылауға алу ұсынылды.
4. Төртінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ш.Оспанова PISA-2022 халықаралық зерттеу емтиханына дайындық жұмыстары, білім сынамаларының мониторингісін ұсынды. Сонымен қатар, күнделікті PISA-2022 халықаралық зерттеу жұмысына дайындықтардың күшейтілгендігі, оқушылардың күнделікті берілген тапсырмаларға тыңғылықты дайындығы туралы айтылды.

5. Бесінші мәселе бойынша Абай мектептері желісі оқитын сыныптарда МЖМБС орындалуы жайында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің М.Муратов мұғалімі сөз алып, 7«А», 8«А», 9«А», 10«А» сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті, Абайтану пәндерінің білім сапасы көрсеткіші ұсынып, оқушылардың жетістіктері жайлы есеп берді.
6. Алтыншы мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Кайржанова мектептегі өмір қауіпсіздігі жайында айтып өтті. Мектеп директоры Д.Искаковаға арнайы мамандарды шақырып, төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша жаттығу жасауды ұсынды. Әр сыныпта сабаққа қатысу дәптерлері топ басшыларымен бірге болу керектігі, жаттығу жоғары деңгейде өту керектігін айтты. Сонымен қатар қауіпсіздік телефон нөмірлерін жатқа білу керектігін сынып жетекшілері оқушыларға тағы да ескерту қажеттігін атап өтті.

**Педагогикалық кеңестің қаулысы:**

1. III оқу тоқсанының білім сапасының мониторингісі есепке алынсын. Үлгерімі төмен сыныптардың оқу процесі IV тоқсанда әкімшілік тарапынан бақылауға алынсын. Үздік, екпінді оқушылар және бір пәннен 4-ке, 3-ке шыққан оқушылардың оқу үлгерімі сынып жетекшілер тарапынан бақылансын. Пән мұғалімдері ерекше назарға алсын.

2. PISA зерттеуіне дайындық-жаттығу жұмыстары қарқынды жалғастырылсын. Білім алушылардың курс сабақтары барысында және жатақханада тұратын оқушылар күнделікті сағат 17:00-18:00 аралығында компьютер кабинеттерінде өздігінен дайындық жұмыстары ұйымдастырылсын. Білім кесінділерін ұйымдастыру, оқу материалдарымен қажетті деңгейде қамтамасыз ету, дайындық жұмыстарын жандандыру жауапкершілігі пән мұғалімдеріне жүктелсін.

3. Абай желісі бойынша оқитын сыныптардың оқу процесін бақылау жалғастырылсын. Абай желісі бойынша оқитын мектептер арасындағы олимпиада, байқауларда жоғары нәтиже көрсету мақсатында пән бойынша кешенді жұмыстар жүргізілсін.

4. Мектептегі қауіпсіздік техникасы: қағидалар мен нұсқаулар уақытылы орындалсын. Мектептердегі қауіпсіздік шаралары жетілдіріліп отырсын және төтенше жағдайға дайындық жоспары жаңартылсын. Арнайы мамандармен кездесу ұйымдастырылып төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша оқу-жаттығу өткізілсін. Мектептің қауіпсіздігі Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің мұғалімі А.Шокаевқа жүктелсін.

Төрайымы: Д.Искакова

Хатшы: Т.Даулеткалиева